

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

ШЕЙХ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ



Кісі бойындағы кемел білім – қайырлы қабілет пен ерен еңбектің нәтижесі. Кісінің қайырлы қабілеті мен ерен еңбегі нәтижесінде тапқан кемел білімі – құтты білім. Кісінің жаратушы берген құтты білімді халық игілігі үшін жұмсауы – ұлттық, жалпыадамзаттық игілік. Қайырлы қабілет пен ерен еңбек, құтты білім, ұлттық және жалпыадамзаттық игілік көзінің бір тұлғаның бойынан табылуы – даналықтың негізі. Шейх Әбсаттар қажы

Дербісәлі даналық негізі терең, кісілік келбеті кемел таңғажайып тамаша тұлға еді.

Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі – ислам әдебиеті мен мәдениетінің арғы-бергі тарихы мен теориясының асқан білгірі, ерен еңбек иесі, ғұлама кісі. Ғұламаның «Араб әдебиеті» (1982), «Шыңырау бұлақтар» (1983), «Шығыстың жарық жұлдыздары» (1995), «Ислам және заман. Сұхбаттар мен мақалалар, жолжазбалар мен әдеби зерттеулер» (2003), «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. Тарихи-филологиялық және теологиялық зерттеулер, эссе-очерктер, сұхбаттар» (2008), өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген «Ұлы даланың ұмытылған ойшылдары» / «Забывшие мыслители Великой степи (IX-XX вв.)» атты іргелі еңбектерінде ислам әдебиеті мен мәдениетінің байырғы ескерткіштері, кейінгі үздік үлгілері қазақ

ғылымында, Қазақстан шығыстануында алғаш рет арнайы зерттелді.

Өзі не ататегі қазақ жерінде, қазақ елінде дүниеге келген елуден астам тұлғалардың өмірдеректерін тауып, тарихтың терең қатпарларының астында қалған ғылыми өмірбаяндарын жасап, шығармашылық мұраларын қайтадан қалпына келтіру, оларды зерттеу, бүгінгі заманның талаптарына сай саралау мен бағалау, сөйтіп алғаш рет ғылыми айналымға түсіру, өндіріске енгізу, әрине, оңай іс емес. Осы және басқа ғылыми ізденістері мен іргелі істерін ғалым әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бастап, сонда жүргізді. Осында жүріп фарабитану ғылымының дамуына зор үлес қосты, «Фарабитану» оқу курсының негізін қалады, университеттің халықаралық байланыстар жөніндегі жұмыстар бойынша проректоры бола жүріп, шетелдің аса ірі деген ғылыми және оқу орталықтарымен тығыз қарым-қатынас орнатты, әсіресе Шығыс елдерінің ғылым мен білім саласындағы мемлекеттік басқару органдарымен, дипломатиялық қызмет басшыларымен достық һәм ынтымақтастық қатынастар айтарлықтай ірі нәтижелер берді. Ғұлама әуелі филология факультеті құрамында араб бөлімін, араб филологиясы кафедрасын, содан соң «Шығыстану» мамандығын, шығыстану факультетін ашты, ол мамандық бойынша кадр дайындауға қажетті жағдайлар жасау ісін қолына алып, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және басқа салаларда ең жаңа және тиімді жетестіктерді өндіріске енгізді, университеттің Әбу Насыр әл-Фараби атымен аталуына қол жеткізді...

Шығыс елдеріндегі елшілік, Қазақстан мұсылмандарының Дінбасысы, Бас мүфти, Шығыстану ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтері ғұламаның ислам мәдениеті, шығыстану саласындағы іргелі ізденістеріне тың тыныс, серпінді серпіліс берді.

Көркем әдебиеттің, мәдени мұраның өзекті мәселелері туралы еңбектерді бағалауда стандарт дәрежесінде қалыптасқан өлшемдер жүйесі жоқ. Бұл бағытта әр автор өз ойын өзі дұрыс деп білген өлшемдер негізінде түйіндейді. Ислам мәдениеті туралы ойлар мен толғаныстарды сараптау мен саралау өлшемдерін нақты бір қалыпқа түсіру оңай емес. Әйтсе де мына жайға назар аудару артық болмайды. Мәдениет пен әдебиет жайында ой толғаған еңбектердің мәдени-әлеуметтік мәні мен маңызын анықтауда автордың

жұмсаған уақыты мен шеккен бейнетінің көлемі, ақыл-ой қызметінің алымдылығы мен қарымдылығы басты өлшемдер қатарында тұруы шарт. Өйткені ақыл-ойдың бір күндік немесе бір мезеттік емес, жылдар бойы талмай ізденген жасампаз, шығармашылық белсенді әрекеті ғана авторды ғылым мен білім, теория мен практика үшін маңызы бар, мәдени-әлеуметтік мәні айқын, берекелі нәтижеге жеткізе алады. Әбсаттар қажы Дербісәлінің ежелгі әдеби мұралар және Ислам мәдениеті саласындағы іргелі шығармашылық еңбектерін біз осындай маңдайынан тер ағызған, жылдарының жарығын, күндерінің қызуы мен түндерінің жылуын алған толассыз бейнеттің үлгісі деп білеміз.

X–XVIII ғасырларда қазақ жерінде туып, әлемнің ірі ғылыми және әдеби орталықтарында жасап, еңбек еткен ғұламалар мен ойшылдардың, тіл өнерінің асқан майталмандарының өмірі туралы арғы-бергі замандардағы жазба деректерді, олардың шығармашылық мұраларын іздеп табуға, зерттеуге жұмсалған уақыттың, қайрат пен күштің, ақыл мен білімнің ұшы-қиыры, шегі мен шеті жоқ десек, артық айтқанымыз емес. Таяу және Орта Шығыс, Орталық Азия, Еуропа елдеріндегі ғылым мен білім ордаларының қолжазба қорларын, сирек кездесетін құнды кітаптар орталықтарын көз майын тауысып қарап, қазақ даласынан шыққан ғұламалардың, ислам мәдениеті қайраткерлерінің, әдебиетшілердің өмірбаяндық деректерін, шығармашылық еңбектерін табу, қазақ тіліне аудару, ақырында олар туралы ойлары мен толғаныстарын негіздеп, іргелі еңбек жазу, сөйтіп солардың бәрін мемлекеттің, елдің, халықтың игілігіне жарату инемен құдық қазғаннан ауыр болмаса, жеңіл жұмыс емес. Әбсаттар қажы Дербісәлі шығармаларының қай-қайсысы да – осындай, инемен құдық қазғандай толассыз бейнеттің, адал еңбектің нәтижесі. Олардың әрқайсысының бетінде автордың адал еңбегінің маңайдан тер болып төгілген әр тамшысы маржандай жалт-жұлт етіп жарық шашып тұрады. Бұл жұмыстың бар саласына емес, бір парасына, нақты айтқанда, автордың Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен шығармашылығын зерттеу мен зерделеу жолындағы еңбегіне ғана көңіл аударып көрейік: 1) Мұхаммед Хайдар Дулатидың қабірін тауып, басына зиярат ету; 2) «Тарих-и Рашиди» тарихи-мемуарлық шығармасының парсы тіліндегі түпнұсқа қолжазбасын іздеп табу, оны қазақ тіліне аударуды ұйым-

дастыру және басқару; 3) оны зерттеу; 4) еңбекті кітап күйінде баспаға дайындап, оның алғы сөзін жазу, жалпы редакциясын басқару; 5) жарыққа шығару; 6) дүниежүзінің түрлі ғылыми орталықтарында сақталған еңбектерін бір талдап теріп, олар туралы әлем халықтарының көптеген тілдерінде жарық көрген 500-ге тарта еңбектердің библиографиясын жасау, халыққа ұсыну; 7) «Жаһаннаме» поэмасының қолжазбасын жер-жаһаннан іздеп жүріп, ақыры Берлин кітапханасының қолжазбалар қорынан тауып, қазақ тіліне аудару, ғылыми транскрипциясын жасау, зерттеу; 8) ғылыми өмірбаянын, биобиблиографиялық анықтамалығын жасау; 9) шығармашылық мұраларын Ислам мәдениеті мен өркениеті тарихымен сабақтас зерттеу және оның нәтижелерін көпшіліктің пайдалануына ұсыну; 10) өз зерттеулері мен пайымдауларының нәтижелері негізінде әлемнің ірі университеттерінде лекция оқу (Жапония, Үндістан, Пәкістан, Қытай, Түркия, Йемен, Ирак, Египет, Тунис, Марокко, Испания, АҚШ т.б.

Еліміздің білімі мен ғылымы, әдебиеті мен өнері, рухани мәдениеті тарихында алатын орны үлкен бір ғана шығармашылық тұлға, оның өмірі мен өнегесі, шығармашылық мұрасы мен мұраты жайында орындалған осы жұмыстардың әр тармағы үлкен ғылыми жаңалық болып табылады. Әр жаңалықтың өзі – еліміздің ғылымы мен білімінің, әдебиеті мен өнерінің дамуындағы ірі жетістік. Әр жетістіктің еліміздің рухани өмірі үшін мәдени-әлеуметтік маңызы зор.

Ұлы даланың ұмыт болған ұлы перзенттерінің, ертеде өмір сүріп, ел үшін ерен еңбек еткен аса ірі қайраткер тұлғаларының ғылыми өмірбаянын жасауы, әдеби мұраларын зерттеуі және олардың нәтижелері, мәдени-әлеуметтік маңызы – Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің мемлекет және қоғам қайраткері, ғылым мен білім, тарих пен мәдениет білгірі, діни руханият кемеңгері ретіндегі тұлғасының таудай биіктігін, теңіздей тереңдігін аңғартады. Автор еңбектерінің әдебиет, әдеби ой, тарих, тарихи ойлау, діни руханият әлемі үшін жаңалығы, қоғам дамуы, әлеумет өмірі үшін маңыздылығы, ғылыми негіздерінің беріктігі, дәйектерінің жеткіліктілігі, тұжырымдарының негізділігі – шығармашылық тұлғаның ғылыми танымының байтақ кеңістігінің басты байлығы.

Ислам мәдениетінің ұстанымдары мен халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы категориялары арасында қайшы-

лық жоқтығын зерделей отырып, автор ата-ананы құрметтеу, Отанды сүю, жер тұтастығы мен ел бірлігін сақтау, үлкенді сыйлау, адалдық пен имандылық секілді рухани құндылықтарымызды қазақ халқының өте ерте замандардан бермен қарай қастерлеп келе жатқанын нақты әдеби мұра үлгілеріне сүйеніп дәлелдейді.

Хазіреттің байыптауында қасиетті Құран Кәрім – әлемдік руханияттың теңдессіз асыл ескерткіші. Оның қағидаларының көпшілігі біздің көне замандарда өмір сүрген ата-бабаларымыз ұстаған әдет-ғұрыптардың серпінді дамуына негіз болды, оларды жаңа сатыға көтерді һәм жаңа сапаға ие етті. Қазіреттің бұл пікірінің ғылыми, мәдени маңызы, ғаламшар кеңістігіндегі саяси мәні өлшеусіз зор.

Халқымыздың ежелгі әдеби мұралары, дәстүрлі дүниетанымы және ислам мәдениеті арасында ортақ қағидалар, жалғасқан дәстүрлер арнасы ғалымның шығармашылық мұрасы айдында айнадай жарқырайды. Автор еңбектерінің тарихи, мәдени-әлеуметтік құндылығы оларда осы айтылған ортақ қағидалар мен жалғасқан дәстүрлердің кешенді пайымдалып, пәнаралық кеңістікте кемел зерттелуі нәтижесінде мәдениет пен әдебиет, руханият саласында мемлекеттік маңызы үлкен аса ірі мәселелердің тиянақты шешім тапқанында.

Әбсаттар қажы Дербісәлі еңбектеріндегі басты арналар қатарында халықтың дәстүрлі дүниетанымы мен дәстүрлі мәдениетінің мынадай категорияларын арнайы атап көрсеткен дұрыс: Сенім; Имандылық; Адалдық; Шындық; Ынтымақ пен Бірлік.

«Иманды ел – инабатты ел. Иманды елде ар мен ұят үстемдік құрады», – деп тұжырым жасайды автор. Енді бірде: «Иманды адам ешкімнің ала жібін аттамайды, қылдай қиянатқа бармайды», – деп пікір түйеді. «Байлыққа жақындаған иманнан алыстайды» [1, 412-бет], – деудің негізінде де дәстүрлі таным құндылықтары бар. «Адамгершілік – иманның жемісі. Тек қана иманды, инабатты адам басқа адамдармен адамгершілік, сыйластық қарым-қатынастарда бола алады» [1, 453-бет], – деген қағиданың да өмірлік ғибраты бар. «Біздің елдің бейбіт жолмен бір оқ шығармай-ақ тәуелсіздік алуы – Алла тағаланың арқасында деп білемін. Оған деген ризашылығымыз шексіз. Ол біздің ұлтымызды есіркеп, ғасырлар бойғы арманы мен тілегін, күресі мен көз жасын елеп, осы бір текті халық жер бетінен жоғалып кетпесін деп тәуелсіздігімізді қолымызға

берді» [2, 123-бет], – деген пікір Хазірет мүфтидің көкірек көзіндегі жарықтан түскен сәулеге ұқсайды.

Автордың сөздері, толғаныстары, тұтас еңбегі осындай тұжырымдар мен пікірлерге, қағидаларға бай. Халықтың дәстүрлі дүниетанымымен, ізгілікті ислам дінінің өлшемдерімен терең сабақтасып жатқан бұл секілді концептуалдық ойлардың мәні мен мәнісінде қазіргі күніміз, бүгінгі зайырлы қоғамымыз үшін бағалы гуманистік мазмұн, құнды ғибрат бар.

Аристотель мен әл-Фарабиден Мұхаммед Хайдар Дулатиға дейінгі ғылыми ізденістерінде де, ежелгі әдеби мұралар мен Ислам мәдениеті хақындағы толғаныстарында да қаламгер өзінің шығармашылық тұрғысы мен эстетикалық нысанасына, концепциясына халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы мен ислам мәдениетінің осы аталған категорияларын негіз етіп алды. Мұны біз ғұламаның шығармашылық тұлға ретіндегі даралығы, еңбегінің ерекше сапалық мәні, сондай-ақ ғылыми-эстетикалық ойлау, талдау мен жинақтау, даралау мен саралау қызметіндегі методологиялық жаңалығы деп бағалаймыз.

Хазірет мүфти шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми шығармашылығында, көсем сөздерінде, ұстаздық қызметінде өзара тұтасқан, бір бүтін сапалық қасиетке иеленген мынадай сипаттар бар: шығармашылық ойлаудағы тереңдік; танымдағы байлық; талдау мен саралаудағы талғампаздық; қисын негіздеу мен қағида қалыптастырудағы логикалық жүйелілік; тілдегі шешендік; стильдегі саралық. Шығыстану көгінде шынардай биікке шырқап шығып, сол биігінде шырайынан жарық шашып тұрып қалған ғұламаның әдеби-эстетикалық, тарихи-филологиялық және философиялық зерттеу еңбектері – туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің дамуындағы үлкен жетістік, ірі табыс. Оның бағалылығы мен құндылығы бірнеше сатылы, бірнеше деңгейлі: а) салалық деңгей; ә) салааралық деңгей; б) отандық деңгей; в) еларалық деңгей. Автордың еңбектері осы аталған сатылар мен деңгейлердің қай-қайсысында да құнды. Бұл ретте олардың танымдық мәнінің кеңдігі, тәрбиелік мәнінің тереңдігі, эстетикалық мәнінің байлығы аса бағалы.

Автор өз талдауларын тұтас, нақты жүйеге негіздейді. Жүйе өзегіндегі неғұрлым маңызды деген сапалық белгілер мен қатынастарды, сабақтастықтарды анықтап, солардың өзін сарапқа салу, сөйтіп нақты талдаулардан жалпы жинақтау-

ларға бару ғалымның шығармашылық ойлауындағы терең де тегеурінді ағысты танытады. Ол осындай нақты талдаулар мен пікірлер тобын сараптап, саралау арқылы әу бастағы тұтас, нақты жүйені жаңа ұғым деңгейінде пайымдап, ежелгі әдеби мұралар мен Ислам мәдениеті туралы бұрын болмаған тың қағидалар жүйесін негіздеуге қол жеткізді.

Әдебиет пен мәдениет, олар туралы эстетикалық ойлардың дамуы, қоғамдық сананың кемелденуі, жамиғаттың ынтымағы мен бірлігі, инабаттылығы мен имандылығы үшін Әбсаттар қажы Дербісәлі еңбектері айрықша маңызды. Ғұлама өз еңбектері арқылы ежелгі әдеби мұраларымыз бен Ислам мәдениеті үлгілерінің тұтас бір жүйесін әдеби, әдеби-эстетикалық және ғылыми айналымға алғаш рет алып шықты. Ежелгі әдеби мұраларымыз бен Ислам мәдениетін сабақтас қараудың методологиялық негізін, концепциясын жасады. Туған әдебиетімізді, әдеби-эстетикалық ойымыздың қорын әдеби-эстетикалық және мәдени-әлеуметтік тұрғыда жан-жақты негізделген жаңа қағидалармен, тың тұжырымдармен байытты. Ел ішіндегі және еларалық ынтымақ пен бірліктің нығаюына, мәдениетаралық ынтымақтастықтың дамуына, қоғамдық сананың өсуіне, адамның имндылық негізінің кемелденуіне зор үлес қосты.

Ғалым осы еңбектерінің бәрін бір Алланың разылығы үшін жасап, барлық мадақ пен құрмет бір Аллаға ғана лайықты деп білді. Алла алдындағы, адам алдындағы осыншалық кішіктік, тазалық Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Хазірет мүфти, ғұлама, Шығыстану институтының директоры, академик Әбсаттар қажы Дербісәліге ғана жарасымды.

Ежелгі әдеби мұраларымыз бен Ислам мәдениетінің құндылықтарын пайымдаудағы халықтың байырғы дүниетанымына негізделген гуманистік концепция, тарихи тұрғы, жаңа методология – Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі еңбектерінің жаһандық мәні бар бағалы ерекшеліктері.

ӘДЕБИЕТ

1. Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 бет.
2. Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2003. – 560 бет.
2007–2022

Соңғы қаралған уақыты:
15.01.2024